

**«Егемен қазақстан» республикалық газеті»  
Акционерлік қоғамын корпоративті басқару кодексі**

**Кіріспе**

1. Осы құжатта «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті» акционерлік қоғамын (бұдан әрі – Қоғам) корпоративті басқару Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) баяндалған.

2. Осы Кодекстің мақсаты Қоғамды корпоративті басқаруды жетілдіру және жүйелендіру, Қоғамды басқарудың барынша айқындылығын қамтамасыз ету, толық корпоративті басқару стандарттарына ілесіп отырудағы Қоғамның тұрақты даярлығын қуаттау болып табылады. Атап айтқанда:

Қоғамды басқару Қоғамның құндылықтарын және Жалғыз акционердің басқа да пайдаларын барынша арттыру үшін жауаптылықтың, есептіліктің және тиімділіктің тиісті деңгейімен іске асырылуы тиіс;

Ақпараттарды ашу, айқындылық, сондай-ақ ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерімен тиімді жұмыстар тиісті түрде қамтамасыз етілуі тиіс.

3. Кодекс Қоғамның Жалғыз акционермен қатынастарда іскерлік этиканың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін өз қызметі, Қоғам ішіндегі және басқа да мүдделі тараптармен қатынастар үдерісінде Қоғам басшылыққа алатын ережелер мен ұсыныстардың жиынтығы болып табылады.

4. Кодекс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарының ережелеріне сәйкес, сондай-ақ Қазақстандағы дамып отырған корпоративті басқаруды, Қоғам қызметіндегі әдептің этикалық нормалары және халықаралық практикадағы танылған корпоративті басқару қағидаты ескеріліп әзірленді.

5. Қоғам өз қызметінде Кодекстің ережелерін сақтауы тиіс. Бұл орайда, Кодекстің ережелерінен ауытқу Қоғамның жеке ерекшеліктері, оның мөлшері, даму кезеңдері, сондай-ақ, оның алдында тұрған тәуекелдер мен проблемалар ескеріліп белгілі-бір жағдайларда ғана ақталуы мүмкін. Кодекс ережелерінен бас тартуға тиісті жағдайлар егжей-тегжейлі сарапталғаннан кейін және мұндай бас тартуды Директорлар кеңесі қарағаннан кейін және оны Жалғыз акционерге хабарлағаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

6. Қоғам корпоративті басқару практикасы статикалық сипатқа ие емес екендігін растайды. Директорлар кеңесі Кодекс шарттарын қолданыстағы Заңнамалар, қазақстандық және халықаралық компанияларға қатысты корпоративті басқаруға қолданылатын ұсыныстар мен үздік практикалар аясында, қажет болған жағдайда, Жалғыз акционердің қарауына тиісті ұсыныстарды енгізе отырып кезең-кезеңде қарайтын болады.

7. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қоғаммен жасасқан тиісті келісімшарттарының негізінде осы Кодексте көзделген міндеттемелерді мойындарына алады және оның ережелерін сақтауға міндеттенеді.

8. Кодексте мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

<b>Директор/лар</b>	Директорлар кеңесінің мүшесі/мүшелері
<b>Жалғыз акционер</b>	Қоғам акцияларының мемлекеттік пакеттеріне иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын мәселелер бойынша мемлекет мүддесін көздейтін акционер ретінде Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті
<b>Мүдделі тұлға</b>	Заңдарда және Жарғыда көзделген құқықтарды іске асыратын тұлға Қоғам қызметімен байланысты
<b>Заңнама</b>	Белгіленген тәртіппен қабылданған Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің жиынтығы
<b>Кодекс</b>	Қоғамды корпоративті басқару Кодексі
<b>Корпоративті даулар</b>	Мыналардың арасындағы: 1) Жалғыз акционер мен Қоғам органдарының; не 2) Қоғам органдарының немесе олардың мүшелерімен/қызметкерлерімен Ішкі аудит қызметінің; не 3) Қоғам органдарының және Қоғамның мүдделі тұлғаларының Жалғыз акционердің мүддесіне және Қоғам қызметіне теріс әсер ететін, Қоғамды корпоративті басқару мәселелері бойынша пікір қайшылықтары немесе даулар
<b>Корпоративті хатшы</b>	Корпоративті хатшы – құзыреті Қазақстан

Республикасының заңнамаларына сәйкес  
Қоғам Жарғысында және ішкі құжаттарында  
анықталған, Директорлар кеңесі  
тағайындайтын Қоғамның қызметкері

**Тәуелсіз Директорлар**

Қазақстан Республикасының «Акционерлік  
қоғам туралы» Заңына және Жарғыға сәйкес  
тәуелсіз болып айқындалған Директорлар

**Басқарма**

Қоғамның атқарушы органы

**Директорлар кеңесі**

Қоғамның басқару органы

**Маңызды корпоративті  
оқиғалар**

Қоғам қызметінде іргелі өзгерістерге әкелуі  
мүмкін бірқатар оқиғалар мен Қоғам  
жасасқан мәмілелер

**Жарғы**

Қоғамның Жарғысы

**Қоғам**

«Егемен Қазақстан» Республикалық газеті»  
акционерлік қоғамы

9. Қолданылатын, бірақ осы Кодексте анықталмаған терминдер олардың заңдарда, Жарғыда пайдаланылатын мағынасында қолданылады.

**Қоғам туралы ақпарат**

10. Қоғам қызметінің мақсаты мемлекеттік тілдегі ақпараттық қызметтер рыногын жетілдіру және дамыту, қоғамның барлық топтарының жедел, әралуан ақпараттарға деген талаптарын қанағаттандыру, азаматтардың ақпараттық деңгейлерін арттыру болып табылады және корпоративті басқаруды жетілдіру арқылы компаниялардың ұзақ мерзімді құндылықтарын тиімді басқаруға және максимизациялауға негізделген.

**1-тарау. Корпоративті басқару қағидаты**

**1. Анықтамалар мен қағидаттар**

11. Корпоративті басқару деген ұғым Қоғам қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін және Жалғыз акционер, Қоғамның Директорлар кеңесі, Басқарма, өзге органдар және Жалғыз акционердің мүддесін көздейтін Мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастарды қамтитын процестер жиынтығын білдіреді.

12. Қоғам корпоративті басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттырудағы, оның беделін нығайтудағы және оның капитал тартуға деген

шығындарын азайтудағы құралы ретінде қарайды. Қоғам корпоративті басқарудың тиісті жүйесін Қазақстан Республикасы заңнамаларының үстемдік етуін қамтамасыз етудегі және қазіргі экономикадағы және жалпы қоғамдағы оның орнын айқындайтын фактордағы өзінің үлесі ретінде қарайды.

13. Қоғамды корпоративті басқару парасаттылық, әділдік, адалдық, жауаптылық, айқындылық, кәсібилік және құзырлылық негіздерінде құрылады. Корпоративті басқарудың тиімді құрылымы Қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін сыйлауды көздейді және Қоғамның табысты қызмет етуіне, оның ішінде акционерлік бағасының өсуіне, қаржылық тұрақтылықты және табыстылықты қолдауға ықпал етеді.

14. Осы тармақта мазмұндалған корпоративті басқару қағидаты Қоғамды басқаруға байланысты пайда болатын қатынастарда сенімділік құруға бағытталған және Кодекстің алдағы бөлімдерінде орын алатын барлық ережелер мен ұсыныстарға негіз болып табылады.

Осы Кодекстің негіз қалаушы қағидаты мыналар:

Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;

Директорлар кеңесі мен Басқарманың Қоғамды тиімді басқару қағидаты;

Қоғамның дербес қызмет ету қағидаты;

Қоғамның қызметі туралы ақпараттарды ашудың айқындылық және шынайылық қағидаты;

Заңдылық және этика қағидаты;

тиімді дивидендтік саясат қағидаты;

тиімді кадрлық саясат қағидаты;

қоршаған ортаны қорғау қағидаты;

корпоративті дауларды және мүдделер дауларын реттеу қағидаты;

жауаптылық қағидаты болып табылады.

15. Қоғамды корпоративті басқару құрылымы заңнамаға сәйкестенуі және Қоғамның Жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің, Басқармасының, өзге органдардың, мүдделі тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін дәл анықтауы тиіс, сондай-ақ Қоғам қызметі бойынша шешімдер қабылдаудың ережесі мен тәртібін белгілейді.

16. Кодексте мазмұндалған корпоративті басқару қағидатын ұстану Қоғам қызметіне объективті сараптама жүргізу үшін тиімді ұстаным құруға және қажет болған жағдайда сарапшылардың, консультанттардың және рейтингтік агенттіктердің тиісті ұсыныстарын, бағаларын алуға ықпал етуі тиіс.

### **1.1. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты**

17. Қоғамдағы корпоративті басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және сыйлау қағидатына негізделген және Қоғамның тиімді қызмет етуіне, оның ішінде Қоғам активтерінің өсуіне және Қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын ұстауға ықпал етеді.

18. Жалғыз акционер Заңнамада және Жарғыда көзделген құқықтарға ие.

19. Корпоративті басқару Жалғыз акционерді Қоғамды басқаруға қатысуға байланысты өзінің құқығын іске асырудың іс жүзіндегі мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Жалғыз акционер Қоғам органдарының Заңнама және Жарғы нормаларын бұзған іс-қимылдар жасаған жағдайда Заңнамада көзделген тәртіппен өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға өтініш білдіру құқығы бар.

20. Қоғам мен Жалғыз акционер арасындағы ақпараттар алмасу тәртібі Заңнамалармен, Қоғам Жарғысымен және ішкі құжаттарымен реттеледі.

## **1.2. Директорлар кеңесі қызметінің қағидаты**

21. Директорлар кеңесінің қызметі мынадай қағидаттарға:

Жалғыз акционердің және Қоғамның мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғауға;

Қоғам қызметі жауаптылыққа құрылған.

22. Директорлар кеңесінің қызметі Жалғыз акционерге толықтай бағынысты.

23. Директорлар толық ақпараттық негізде, адал және Жалғыз акционер мен Қоғамның шынайы мүдделері үшін іс-қимыл жасауы тиіс.

24. Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдындағы өз қызметінің айқындылығын қамтамасыз етеді.

25. Ешқандай тұлғаның (немесе тұлғалар тобының) Директорлар кеңесінің шешім қабылдауына шексіз құқығы болмауы тиіс. Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Президент (Басқарма Төрағасы) бір тұлғаны білдірмеуі тиіс.

26. Директорлар кеңесінің Төрағасы, Директорлар кеңесінің қызметін қамтамасыз етуге жауаптылық және Президент (Басқарма Төрағасы) арасындағы жауаптылық, Қоғамның ағымдағы қызметіне жауаптылық айқын бөлінуі және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес бекітілуі тиіс.

27. Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы өкілеттіктер Директорлар кеңесі және Басқарма туралы тиісті ережелерде мазмұндалғанындай бөлек болуы тиіс.

28. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесіне басшылық жасауға жауап береді, оның жауаптылық саласының барлық аспектілері бойынша оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің Төрағасы Жалғыз акционермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесіндегі Директорлардың тиімді жұмысын қамтамасыз етеді және Директорлар мен Басқарма арасындағы сындарлы қатынасты орнатады.

29. Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын Тәуелсіз директорлардың санын Жалғыз акционер анықтайды және Директорлардың жалпы санының кемі үштен бірін құрауы тиіс.

30. Тәуелсіз директорлардың өзіндік ерекшелігі оның Жалғыз акционерге және Қоғамның лауазымды тұлғаларына тәуелсіздігі болып табылады.

31. Директорлардың жұмыстарын бағалау және әділ сыйлықақы беру жүйесі Жалғыз акционер мен Қоғам мүддесіндегі олардың жұмыстарын ынталандыруды қамтамасыз етуі тиіс.

### **1.3 Басқарма қызметінің қағидаты**

32. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасау үшін Президент (Басқарма Төрағасы) арқылы көшбасшы қажет екенін Қоғам мойындайды. Қоғам сонымен қатар, басқару процесінде күрделі міндеттерді шешуге тура келетінін мойындайды және оларды шешу үшін жеке емес жариялық ұстаным қажет болады. Осыған байланысты Қоғам Президент (Басқарма Төрағасы) басқаратын Басқарма нысанында атқарушы органды құрады.

33. Ешқандай тұлғаның (немесе тұлғалар тобының) Басқарманың шешім қабылдауына шексіз құқығы болмауы тиіс.

34. Басқарма Қоғамның стратегиялық міндеттерін орындау және жүзеге асыру мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық етеді.

35. Басқарма іс-қимылының негізгі қағидаты адалдық, жауаптылық, тиімділік, шынайылық, парасаттылық, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдеріне есеп беретін болып табылады.

36. Басқарманың қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау қағидаты негізіне құрылған, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдеріне есеп береді.

### **1.4. Қоғам дербес қызметінің қағидаты**

37. Қоғамның қызметі Жарғыны сақтаған жағдайда осы Кодекстің ережелеріне сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін толық сақтау мақсатында іске асырылады.

38. Қоғам өз қызметін ылғи дербес іске асырады.

39. Қоғам мен Жалғыз акционер арасындағы мәмілелер мен қатынастар Заңнама және Жарғы аясында кәдімгі коммерциялық негізде іске асырылады.

### **1.5. Қоғам қызметі туралы ақпараттарды ашудың айқындылық және объективтілік қағидаты**

40. Қоғам Жалғыз акционердің дәлелді шешімдер қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қоғамның қызметі туралы ақпараттарды Мүдделі тұлғалардың назарына жеткізу мақсатында Жалғыз акционер мен Мүдделі тұлғалар алдында Қоғам, оның ішінде оның қаржы-шаруашылық қызметі, меншіктік және басқару құрылымы туралы шынайы ақпараттарды өз уақытында ашуды қамтамасыз етеді.

41. Қоғам қандай да бір ақпараттарды ашу және (немесе) жариялау кезінде коммерциялық және заңдарда қорғалған өзге құпиялар туралы Заңнама ережелерін ескереді.

## **1.6. Заңнама және этика қағидаттары**

42. Қоғам Заңнамаға, іскерлік этиканың жалпыға ортақ қағидаттарына (дәстүрлеріне), Жарғыға, осы Кодекстің ережелеріне және өзінің келісімшарттық міндеттемелеріне сәйкес қатаң іс-қимыл жасайды.

43. Жалғыз акционер, Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүшелері арасындағы қатынас өзара сенімділікке, сыйластыққа, есептілікке және бақылауға құрылады.

## **1.7. Тиімді дивидендтік саясат қағидаты**

44. Қоғам Заңнама нормаларын және Қоғамның дивидендтік саясатын анықтайтын Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

45. Дивидендтік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі дивидендтердің мөлшерін және оларды төлеу шарттарын анықтаудың қарапайым және айқын механизмдерін қамтамасыз ету болып табылады.

46. Қоғамның Дивидендтік саясаты Жалғыз акционердің, ықтимал инвесторлардың және Қазақстан Республикасы жұртшылығының зерделеуі үшін барынша айқын және қолжетімді болуы тиіс.

## **1.8. Тиімді кадрлық саясат қағидаты**

47. Қоғамдағы корпоративті басқару Қоғам қызметкерлерінің Заңнамада көзделген қорғау негізінде құрылады және әлеуметтік мәселелерді шешуде және еңбек шарттарын регламенттеуде Қоғам мен оның қызметкерлері арасындағы әріптестік қатынастарды дамыту үшін бағытталуы тиіс.

48. Кадрлық саясаттың негізгі сәттерінің бірі Қоғам жұмыстарының көрсеткіштеріне тәуелді мүмкіндіктер бойынша жұмыс орындарын сақтау, Қоғамдағы еңбек шарттарын жақсарту және Қоғам қызметкерлерін әлеуметтік қорғау нормаларын сақтау болып табылады.

49. Корпоративті басқару еңбек ұжымында қолайлы және шығармашылық ахуал құру процесін ынталандыруы, Қоғам қызметкерлерінің біліктіктерін арттыруға ықпал етуі тиіс.

50. Қоғам кадрларды іріктеуді Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес айқын ресімдер негізінде іске асырады.

## **1.9. Қоршаған ортаны қорғау қағидаты**

51. Қоғам өз қызметінде Заңнама талаптарына және қызметтің жалпыға тән стандарттарына сәйкес қоршаған ортаны қорғауға қатысты барынша ұқыпты және рационалды қатынастар қағидаттарын ұстанады.

## **1.10. Корпоративті даулар мен мүдделер дауын реттеу саясаты**

52. Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүшелері Қоғам қызметкерлерімен бірдей өздерінің кәсіби функцияларын дауларды болдырмай Жалғыз акционердің және Қоғамның мүддесі үшін барынша қамқорлықпен және аңғарымпаздықпен адал және пайымды орындайды. Даулар орын алған (пайда болған) жағдайда Қоғамның лауазымды тұлғасы даудың орын алғаны (пайда болғаны) туралы Корпоративті хатшы өз уақытында хабарлауы тиіс.

53. Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүшелері Қоғам қызметкерлерімен бірдей өз қызметтерінің тек Заңнама талаптарына және осы Кодекс қағидаттарына ғана емес, сонымен қатар іскерлік этиканың этикалық стандарттар мен жалпыға тән нормаларына толық сәйкестігін қамтамасыз етеді.

54. Корпоративті даулардың алдын алу және реттеу бойынша әсерлі жұмыстар, ең алдымен, мұндай даулардың, егер олар Қоғамда пайда болған немесе пайда болуы мүмкін жағдайда барынша толық және тез арада ашылуын және Қоғамның барлық органдарының іс-қимылдарын дәл үйлестіруді көздейді.

55. Корпоративті дауларды бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету және оны әсерлі реттеу үшін жағдайлар құру мақсатында даулар мүддесін қозғаған немесе қозғауы мүмкін тұлға оны реттеуге қатыспауы тиіс.

56. Директорлар кеңесі корпоративті дауларды реттеу саласындағы ішкі құжаттарды әзірлейді және кезең-кезеңде қайта қарайды.

57. Корпоративті даулар пайда болған ағдайда қатысушылар Жалғыз акционердің құқықтарын және Қоғамның іскерлік беделін әсерлі қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер арқылы оларды шешудің жолдарын қарастырады.

58. Корпоративті дауларды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда олар Заңнамаға сәйкес қатаң шешіледі.

59. Президент (Басқарма Төрағасы) Қоғам атынан Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің құзыретіне ол жөнінде шешім қабылдау жатпайтын барлық мәселелер бойынша корпоративті дауларды реттеуді іске асыруы тиіс, сондай-ақ корпоративті дауларды реттеу бойынша жұмыстарды жүргізу тәртібін дербес анықтайды.

60. Директорлар кеңесі оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша корпоративті дауларды реттеуді іске асырады. Бұл жағдайда Корпоративті хатшыға Директорлар кеңесінің корпоративті даулардың мәні туралы барынша толық ақпараттармен қамтамасыз ету бойынша міндеттер және корпоративті дауларды шешудегі делдалдық рөлі жүктеледі.

61. Директорлар кеңесі Басқарманың құзыретіне жататын (мысалы, егер дау-жанжалдың мәні осы органның әрекеті (әрекетсіздігі) не оның қабылдаған актісі болса) жекелеген корпоративті дауларды қарайды.

62. Мүдделердің даулары Қоғам қызметкерінің жеке мүддесі лауазымдық міндеттерін бұлжытпай орындауға әсер ететін немесе етуі мүмкін жағдай ретінде анықталады.

63. Қоғамның барлық қызметкерлері өздеріне қатысты (немесе өздерімен байланысты тұлғаларға), басқаларға қатысты мүдделер бойынша өздерін даулардың пайда болуы мүмкін жағдайларға жол бермейтіндей



ұстауы тиіс.

64. Мүдделер бойынша даулардың алдын алудағы негізгі қағидаттар Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның корпоративті (іскерлік) этикасы Кодексінде белгіленген.

### **1.11. Жауаптылық қағидаты**

65. Қоғам барлық Мүдделі тұлғалардың құқықтарын мойындайды және сыйлайды және мұндай тұлғалармен өзінің дамуы және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтастыққа әрекет етеді.

66. Мүдделі тұлғалар Заңнамада көзделген жағдайларда өз құқықтарының бұзылғаны үшін өтемақы алу мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

67. Мүдделі тұлға корпоративті басқару процесіне қатысқан жағдайда соңғысы уақытылылық және тұрақты негізде маңызды, толық және сенімді ақпараттарға қолжетімді болуы тиіс.

68. Мүдделі тұлғалар Басқарманың заңсыз және этикаға жатпайтын іс-қимылдары туралы Директорлар кеңесіне еркін хабарлауға құқығы болуы тиіс және мұндай хабарлама орын алған жағдайда олардың құқықтары қысым көрмеуі керек.

## **2. Қоғамның ішкі құжаттары**

69. Корпоративті басқарудың нақтылы құрылымы, ресімдері және практикасы Жарғымен және ішкі құжаттармен, оның ішінде:

Директорлар кеңесі туралы;

Басқарма туралы;

Корпоративті хатшы туралы;

Ішкі аудит қызметі туралы;

ішкі бақылау (аудит) және тәуекелдерді басқару туралы;

ақпараттарды ашу туралы;

өзге ішкі құжаттармен реттеледі.

70. Жоғарыда санамаланған құжаттар Заңнамаға және халықаралық практикада танылған корпоративті басқару қағидаттарына сәйкес әзірленеді.

## **3. Корпоративті басқарудың жалпы құрылымы**

71. Қоғам органдары арасында жауаптылықты бөлу Жалғыз акционер мүдделерінің сақталуына кепілдік беруі тиіс.

72. Қоғам органдарының өз міндеттерін кәсіби және заттай тәсілдермен орындауға өкілеттігі және ресурстары болуы тиіс. Сонымен қатар, олардың басқаруы уақытылы, айқын және толықтай түсінікті болуы тиіс.

73. Қоғам органдарының жүйелері мыналарды:

Жалғыз акционерді – Қоғамның жоғары органын;

Директорлар кеңесін – Қоғам қызметінің жалпы басшылығын және Басқарма қызметіне бақылауды іске асыратын басқару органын;

Басқарманы – Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасайтын және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің, олардың өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдерін орындайтын алқалы атқарушы органда;

Ішкі аудит қызметін – Қоғам қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау саласындағы бағалауды, тәуекелдерді басқаруды, Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында консультацияларды іске асыратын органды қамтиды.

74. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған ресімдерді Қоғам органдарының және лауазымды тұлғаларының сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қоғамның корпоративті басқару саласындағы Заңнама ережелері мен нормаларын, Қоғам Жарғысын және өзге ішкі құжаттарды басшылыққа алу Корпоративті хатшыға жүктеледі. Корпоративті хатшы, сонымен қатар, Қоғам органдары арасында тиімді ақпараттар алмасуға ықпал етеді және Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқарма мүшелері үшін басқарудың барлық мәселелері бойынша кеңесші функциясын орындайды.

75. Қоғам мен Жалғыз акционер арасындағы өзара қарым-қатынастар бекітілген корпоративті ресімдер аясында, Жалғыз акционер мен Қоғамның тиісті органдары арқылы іске асырылады. Жалғыз акционер қызметкерлерінің Қоғамға бекітілген корпоративті ресімдер аясынан тыс ресми емес өтініш жасауларына тыйым салынады.

## **2-тарау. Директорлар кеңесі мен басқарма жұмыстарының тиісті практикасы**

76. Қоғам кәсіби және тәуелсіз Директорлар кеңесінің бар болуын тиімді корпоративті басқарудың маңызды элементі деп санайды. Басқарма, сонымен қатар, Қоғамды басқару процесінде маңызды рөл атқарады. Бұл екі орган арасындағы тиімді өзара іс-қимыл және олардың өкілдіктерін дәл шектеу корпоративті басқарудағы тиісті практиканы қамтамасыз етуде шешуші фактор болып табылады.

### **1. Директорлар кеңесі**

#### **1.1. Директорлар кеңесінің функциясы**

77. Директорлар кеңесі өз функциясын Заңнамаға, Жарғыға, Кодекске, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге ішкі құжаттарына сәйкес іске асырады.

78. Директорлар кеңесі дамудың басым бағыттарын анықтайды және Қоғам қызметінің ұзақ мерзімді перспективасына арналған негізгі бағдарды белгілейді, алға қойылған мақсаттарды іске асыру үшін қажетті қаржылық ресурстардың бар болуын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі Басқарманың қызметіне бақылауды іске асырады.

79. Директорлар кеңесі рыноктық жағдайды, Қоғамның қаржылық жай-күйін және Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне әсер ететін басқа факторларды

ескере отырып бекітілген басым бағыттарды басшылыққа алуды жүргізеді.

80. Директорлар кеңесінің құзыретіне Қоғамның тәуекелдерді басқару бойынша ішкі ресімдерін бекіту, сақталуды қамтамасыз ету, сондай-ақ, мұндай ресімдердің тиімділігі мен жетілдіруін сараптау жатады. Бұл орайда, бұл ресімдер Директорлар кеңесін тәуекелдерді басқару жүйесіндегі маңызды кемшіліктер туралы уақытылы хабарлауды көздейді.

81. Директорлар кеңесі қажет болуына орай, бірақ жылына бір реттен жиі емес, Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қайта қарауды жүргізуді қамтамасыз етеді және Жалғыз акционерге атқарылған жұмыстар туралы Директорлар кеңесінің жылдық есебі нысанында есеп береді.

82. Директорлар кеңесі Жалғыз акционермен тиісті диалогты қамтамасыз етуде жауаптылық көтереді. Директорлар кеңесінің Төрағасы Жалғыз акционердің көзқарасы тұтастай Директорлар кеңесіне дейін жетуін қамтамасыз етеді.

83. Барлық Директорлар Жалғыз акционердің және Қоғамның мүдделеріне адал және тиісті тыңғылықтылықпен барлық қажетті ақпараттар негізінде әрекет етуі, Қоғам мүддесі үшін объективті шешім қабылдауы тиіс.

84. Әрбір Директор өзі құрамына енетін Директорлар кеңесінің барлық отырыстарына қатысуға міндетті. Бұл нормадан бас тарту Директорлар кеңесі туралы ережеде айтылған ерекше жағдайларда ғана жол беріледі.

85. Директорлар кеңесі Директорлардың (мемлекеттік қызметші болып табылатын Директорларды қоспағанда), тағайындалуы немесе тағайындалуға келісуді Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу және/немесе лауазымды (лауазымдарды) иелену мүмкіндіктеріне қатысты келісімдерді беру туралы шешімді қабылдайды.

86. Директорлар кеңесі өз қызметінің және жекелеген Директорлардың жұмыстарын бағалау механизмдерін әзірлейді, Директорлар мен Басқарма қызметтерін бағалаудың әдістерін және талаптарын құрады және тұрақты түрде қайта қарайды.

## **1.2. Директорлар кеңесін қалыптастыру**

87. Директорлар кеңесі құрамының құрылымы Жалғыз акционердің мүдделерін әділ және объективті білдіруді қамтамасыз етуі тиіс.

88. Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер анықтайды.

89. Директорларды үш жылдан аспайтын мерзімге сайлау ұсынлады. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 жыл мерзімге артық (мысалы, 3 жылдық мерзіммен екі рет) сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жаңарту қажеттілігін ескере отырып айрықша қарауға жатады. Бір тұлға қайта-қайта Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан артық сайлана алмайды (мысалы, 3 жылдық мерзіммен үш рет). Ерекше жағдайларда ғана тоғыз жылдан артық мерзімге сайлануға рұқсат етіледі, бірақ бұл ретте, мұндай тұлғаның Директорлар кеңесіне сайлануы жыл сайын жүргізілуі тиіс.

90. Жаңа Директорларды сайлау ресми, қатаң және транспарентті

ресімдерге сәйкес Заңнамада көзделген тәртіппен іске асырылады.

91. Жалғыз акционерге Директорлыққа кандидат туралы жеткілікті деректер, оның ішінде биографиялық, кандидат пен Қоғамның өзара қарым-қатынастары туралы ақпарат (аффилиирленуі, ынтымақтастық және т.б.) және Жалғыз акционердің оның сайлануы туралы ақпараттық шешім қабылдауына мүмкіндік беретін кез келген өзге тиісті ақпарат ұсынылуы тиіс.

92. Директорлыққа үміткерлер мен Директорлар өздерінің міндеттерін орындауда тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, жақсы жетістіктері және Жалғыз акционер мен Қоғам мүддесі жолында барлық Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті іскерлік және/немесе салалық ортада жоғары беделге ие болуы тиіс.

93. Мына тұлғалар Директор лауазымына сайлана алмайды:  
сотталғандығы өтелмегендер немесе заңдарда белгіленген тәртіппен кешірілмегендер;

бұған дейін акцияларды мәжбүрлі тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу туралы немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаның консервациялауы туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің Төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма Төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болғандар. Көрсетілген талаптар акцияларды мәжбүрлі тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу туралы немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаның консервациялауы туралы шешім қабылданған күнінен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

94. Директорларды сайлау шарттары тексеру үшін қолжетімді болуы тиіс. Директорлар сайланған жағдайда сайланудың болжалды мерзімі, сондай-ақ міндеттерін орындауға арналған уақыттың жұмсалуды көрсетілуі тиіс.

95. Директорлар кеңесі сайланған Директорлардың лауазымға толыққанды енуі, сондай-ақ олардың Директорлар кеңесі құрамындағы жұмыстарына қажетті Директорлардың білімдері мен дағдыларын тұрақты жетілдіру үшін тиісті оқуын ұйымдастырады.

96. Директорлар мен Қоғам арасындағы қатынастар Заңнама, осы Кодекс ережелерінің және Қоғам ішкі құжаттарының талаптары ескеріліп келісімшарттармен ресімделеді.

Келісімшарттардың қолдану мерзімі бір жылды, оларды осындай немесе жаңа шарттармен бір жылдық, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге ұзарту мүмкіндігін құрайды.

Келісімшарттарда тараптардың құқықтары, міндеттері, жауаптылықтары және басқа да маңызды шарттар, сондай-ақ Директордың осы Кодекс ережелерін сақтау бойынша міндеттемелері, оның ішінде оған жүктелген функцияларды орындау үшін жеткілікті уақыт санына көңіл бөлуі, Директорлар кеңесі белгілеген мерзімде оның қызметтері тоқтатылғаннан кейін Қоғам туралы ішкі ақпаратты таратпау жөнінде және Тәуелсіз Директорлардың мәртебесі мен функцияларына қойылатын талаптармен шарттасылған қосымша міндеттемелер (тәуелсіздігін жоғалтқаны туралы уақытылы мәлімдеме бөлігінде және т.б.) қамтылуы тиіс.

Келісімшарттарда Директорлардың жекелеген міндеттерді орындау мерзімі белгіленуі мүмкін.

Қоғамның Жалғыз акционері Директорлармен жасасатын үлгілік келісімшарттарды бекітуі мүмкін.

97. Директорлыққа сайлану және өкілеттігін тоқтату, Директордың лауазымға түсу кезіндегі қызмет істерімен және процесімен танысу тәртібі, өкілеттігін ерікті тоқтату тәртібі, Директорлар кеңесі отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі және Директорлар кеңесі қызметімен байланысты басқа мәселелер Қоғам Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

98. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге ұсынатын өзінің қызметі туралы жылдық есебінің құрамында ол тәуелсіз деп санайтын әрбір Директорды көрсетуі тиіс. Директорлар кеңесі шешім қабылдау кезінде Директордың тәуелсіз болған-болмағанын белгілеуі; Директорды тәуелсіз деп тану себебін көрсетуі, бұл орайда, Директордың Заңнама бойынша тәуелсіздік талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ Директорды тәуелсіз деп тануға әсері тиюі мүмкін маңызды қатынастар немесе жағдайлар, оның ішінде, егер Директор:

соңғы бес жыл ішінде Қоғамның немесе оның еншілес ұйымының қызметкері болған-болмағаны;

Директорға берілетін сыйлықақыны есептемегенде Қоғамнан қосымша сыйлықақы алғаны немесе алатыны;

басқа ұйымдарда немесе органдарда мұндай қызметті атқараған кезінде басқа ұйымдарға немесе органдарға мұндай қатысу арқылы басқа Директорлармен маңызды байланысының бар-жоғы;

Жалғыз акционерді немесе мемлекеттік басқару органын білдіретіні;  
қатарынан тоғыз жыл бойы Директор болған-болмағаны көрініс табуы тиіс.

### **1.3. Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру**

99. Директорлар кеңесінің қызметі пайымдылық, тиімділік, белсенділік, адалдық, әділдік, жауаптылық және дәлдік қағидаттарына негізделеді.

100. Директорлар кеңесі отырысы оңтайлылық, тиімділік және тұрақтылық қағидаттарына негізделе отырып, оның өкілеттік мерзімінің басынан жыл сайын әзірленетін кестеге сәйкес жүргізіледі. Директорлар кеңесі жыл сайын алты реттен жиі емес өткізілуі тиіс.

101. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің отырысын даярлау және өткізу бойынша ішкі ресімдерді әзірлейді және басшылыққа алады.

102. Директорлар кеңесі өзінің отырыстарының егжей-тегжейлі хаттамаларын жүргізеді, оларда барлық мәселелердің талқылануы тиісті түрде тіркеледі. Хаттамаға Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Корпоративті хатшы қол қояды және Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің дауыс беру нәтижелері енгізіледі.

103. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу дауыс берудің нақтылы

нысанының таңдалуы дәлелденіп, дауыс берудің тікелей және сырттай нысандарында көзделеді, бұл ретте, дауыс берудің сырттай нысанымен өткізілетін отырыстар саны барынша азайтылуы тиіс.

104. Қоғам қызметінің айрықша маңызды, шешуші, стратегиялық мәселелері бойынша қарау және шешімдер қабылдау Директорлар кеңесінің дауыс берудің тікелей нысандарындағы отырыстарда жүзеге асырылады.

105. Айрықша жағдайларда Директорлар кеңесі отырыстарының екі нысаны ұштастырылуы мүмкін. Бұл бір немесе бірнеше Директорлардың (30%-дан артық емес) Директорлар кеңесіне жеке өзінің қатысу мүмкіндігі жоқ болған жағдайға қатысты. Бұл орайда, жоқ болған Директор қаралатын мәселелерді талқылауға байланыстың техникалық құралдарын пайдалана отырып қатыса алады және өз пікірін жазбаша нысанда ұсынуы тиіс.

106. Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша қызығушылық танытқан Директор осы мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, ол туралы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тиісті жазба жасалады.

107. Қоғам Тәуелсіз Директорлардың сыйлықақыларының мөлшерлері туралы мәліметтерді Заңнамаға сәйкес ашады. Тәуелсіз Директорлардың есепті кезең ішіндегі сыйлықақыларының мөлшерлері туралы мәліметтер Жалғыз акционер үшін даярланған жылдық есепте міндетті түрде ашуға жатады.

108. Директорлар Қоғамның жай-күйіне мониторинг жүргізуі және Басқарма мүшелерімен және Қоғам қызметкерлерімен ұдайы байланыс жасауы тиіс.

109. Директорлар кеңесі бұрынғы Директорлармен олардың Директорлар кеңесі құрамындағы қызметтері тоқтатылғаннан кейін Қоғам туралы ішкі (қызметтік) ақпараты таратпау бойынша мерзімінің өтуін анықтайды.

110. Директорлар кеңесі Қоғамның жылдық есебі құрамына енгізілетін және Жалғыз акционерге ол белгелеген тәртіппен және мерзімде ұсынатын жылдық есепте мынадай ақпараттар көрсетіледі, бірақ шектелмейді:

Директорлар кеңесі мен Басқарма құрамы, оның ішінде Директорлар кеңесінің Төрағасы, Тәуелсіз Директорлар, Тәуелсіз директорларды іріктеу талаптары, Президент (Басқарма Төрағасы) көрсетіледі;

Директорлар кеңесі отырыстарының саны, сондай-ақ Директорлардың құрамына олар мүше Директорлар кеңесінің отырыстарына әр қайсысының қатысуы;

Директорлар кеңесі немесе Басқарма шешім қабылдайтын мәселелер, сондай-ақ шешімі Президентіне (Басқарма Төрағасына) жіберілген мәселелер туралы ақпараттарды қоса алғанда Директорлар кеңесі мен Басқарманың жұмыстары туралы есебі;

Қоғам ұстанымының бағасы және оның даму перспективалары;

Директорлар кеңесінің, жекелеген Директорлардың, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің қызметтеріне бағалау жүргізу процесі;

Жалғыз акционердің Қоғамға қатысты пікірін Директорлар кеңесінің есебі бойынша қабылданған шаралар (тікелей қарым-қатынас жасаудың, брифингтердің көмегімен).

### **1.5. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау**

111. Директорлар кеңесі жыл сайын Директорлардың әрқайсысының өз жұмыстарына ресми және жан-жақты баға беруі тиіс және оның нәтижелері Директорлар кеңесінің отырыстарында талқыланады. Директорлардың ешқайсысы өз қызметтерін бағалау процесіне қатыспауы тиіс.

112. Директорлар жыл сайынғы отырыстарын Төраға жұмыстарын бағалау жөніндегі Тәуелсіз Директорлардың бірінің басшылығымен өткізеді.

113. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі қызметін бағалау нәтижелерімен танысуы және оны ескере отырып іс-қимыл жасауы, Директорлар кеңесінің күшті жақтарын мойындауы және қажет болған жағдайда Жалғыз акционерге Директорлар кеңесіне жаңа мүшелер сайлауды және/немесе Директорларды лауазымнан шеттетуді ұсынуы тиіс.

### **1.6. Ақпараттар және біліктілікті арттыру**

114. Директорлар кеңесіне оның өз міндеттерін орындау мүмкіндігін беретін ақпараттар тиісті нысанда және тиісті сапада уақытылы ұсынылуы тиіс. Директорлар өздерінің кәсіби білімдері мен дағдыларын ұдайы жетілдіретіндіктен барлық Директорлар лауазымға ресми түрде түсулері керек.

115. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлардың дәл және анық ақпараттарды уақытылы алуын қамтамасыз етілуіне жауап береді. Басқарма, Ішкі аудит қызметі мұндай ақпараттарды ұсынуға міндетті, ал Директорлар мұндай қажет болған жағдайларда түсіндірмелерді немесе анықтамаларды ұсынуды талап ете алады.

116. Директорлар кеңесінің Төрағасы жаңа сайланған Директорларға лауазымға кірісу бағдарламасын ұсынуды қамтамасыз етуі тиіс.

117. Директорлар кеңесі Қоғамның бюджетінде тиісті жылға арналып көзделген қаражаттар аясында сыртқа сарапшылар мен консультанттардың қызметтерін белгіленген тәртіппен пайдалануға құқылы.

118. Директорлар кеңесі өздерінің функцияларын толыққанды орындаулары үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуі тиіс.

### **1.7. Сыйлықақы**

119. Тәуелсіз Директорлардың сыйлықақыларына байланысты мәселелер Жалғыз акционердің қарауына шығарылады.

120. Сыйлықақылардың мөлшері Тәуелсіз Директорларды тарту, сақтау және негіздеу және олардың тиімді қызметтері үшін жеткілікті болуы тиіс.

121. Қоғамда Тәуелсіз Директорларға сыйлықақы берудің транспарентті саясаты болуы тиіс. Тәуелсіз Директорларға берілетін сыйлықақылардың мөлшері олардың жұмысқа бөлетін уақыттарына және Тәуелсіз Директорлардың өздерінің міндеттемелерін сапалы атқаруына сәйкес болуы керек.

122. Тәуелсіз Директорларға сыйлықақы берудің шарттары олармен жасасатын келісімшарттарда және қажет болған жағдайларда Қоғамның ішкі құжаттарында көрсетіледі.

123. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін сыйлықақы алады.

## **2. Басқарма**

124. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің өз құзыреттері аясында қабылдаған шешімдерін орындауға міндетті.

125. Басқарма Заңнамада және Жарғыда Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға құқылы.

126. Басқарма Қоғамның ақпараттарын ашу және қызметін насихаттау бойынша жауаптылықты Заңнама талаптарына сай көтереді және ішкі (қызметтік) ақпараттарды қорғауды және сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

127. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесіне қойылған мақсаттарды іске асыру үшін қаржы және адам ресурстарының бөлінуіне жауаптылық көтереді.

128. Басқарма Қоғам қызметкерлерінің тиімді Қоғам жұмыстарына деген қызығушылық ахуалын құруы, әрбір қызметкердің Қоғамдағы өзінің жұмысын қастерлеуге ұмтылуы, Қоғамдағы жұмыс нәтижелерінен оның материалдық жағдайы жалпы тәуелді екенін ұғынуы тиіс.

129. Басқарма мүшелігіне үміткерлерді таңдау міндеттері, функциялары, талаптары және Басқарма қызметінің тәртібі Кодекспен қатар Жарғыда, Басқарма туралы ережеде және Қоғамның өзге ішкі құжаттарында айқындалады.

### **2.1 Басқарманы қалыптастыру**

130. Президентті (Басқарма Төрағасын) Жалғыз акционер сайлайды.

131. Басқармадағы лауазымға сайлау кезінде Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің шешімдерін, лауазымға үміткерге қойылатын біліктілік талаптарын және оларды сайлау рәсімдерін анықтайтын Қоғамның ішкі құжаттарын қолданады.

132. Басқарма құрамына сайланатын үміткерлер бойынша ұсыныстарды Директорлар кеңесінің қарауына Президент (Басқарма Төрағасы) енгізеді.

133. Президент (Басқарма Төрағасы) Директорлар кеңесінің қарауына Басқармадағы бос лауазымға екі реттен артық қатарынан сайлануға ұсынылатын үміткерлер бойынша ұсыныстарды енгізуге құқылы.

134. Президент (Басқарма Төрағасы) Басқармадағы бос лауазымға екінші рет қатарынан сайлануға ұсынған үміткерлерді Директорлар кеңесі кейінге қалдырған жағдайда осы бос лауазымға үміткерлер бойынша ұсыныстарды енгізу құқығы Директорлар кеңесінің Төрағасына көшеді.



135. Директорлар кеңесі сайлануы және өкілеттігінің тоқтауы тек Жалғыз акционердің ғана құзыретінде болып табылатын Президентті (Басқарма Төрағасын) қоспағанда Басқарма мүшелерінің өкілеттігін белгіленген тәртіппен тоқтатуы мүмкін.

136. Басқармадағы лауазымдарға үміткерлердің оларға жүктелген міндеттерді тиісті түрде атқаруы үшін қажетті тәжірибесі, білімі және біліктілігі, абыройлы беделі болуы тиіс.

137. Басқарма мүшелерін іріктеу мен тағайындау барынша айқын және анық ресімдер негізінде жүргізіледі.

138. Қоғам мен Басқарма мүшелері арасындағы қатынастар келісімшарттармен ресімделеді.

139. Келісімшарттарда тараптардың құқықтары, міндеттері, жауаптылықтары және басқа да маңызды шарттар, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің осы Кодекс ережелерін сақтау бойынша міндеттемелері қамтылуы тиіс.

Қоғамның Жалғыз акционері Қоғам Басқарма мүшелерімен жасалатын келісімшарт үлгісін бекітуі мүмкін

## **2.2. Басқарма жұмыстарының тәртібі**

140. Басқарма отырыстарды тұрақты өткізеді. Басқарма мүшелері отырыс күн тәртібінің мәселелері бойынша ақпараттарды алдын-ала алады. Бұл орайда, Басқарма өзінің отырысын дауыс берудің тікелей нысанында өткізеді. Дауыс берудің сырттай нысана Басқарма туралы ережеде айтылған ерекше жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

Басқарма жұмыстарының тәртібі Қоғам Басқарма туралы ережемен реттеледі.

## **2.3. Сыйлықақы және жұмыстарды бағалау**

141. Президенттің (Басқарма Төрағасының) және Басқарма мүшелерінің сыйлықақыларының мөлшері Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам ішкі құжаттармен айқындалады.

142. Басқарма мүшелеріне сыйлықақы беру саясаты транспарантты болуы тиіс. Сыйлықақы Басқарма мүшелерін жоғары сапалы жұмысқа қол жеткізулері үшін ынталандыруы керек. Басқарма мүшелеріне сыйлықақы беру саясаты Басқарма мүшелері жұмыстарының маңызды көрсеткіштеріне және олардың біліктілік деңгейі мен Қоғам қызметінің нәтижелеріне қосқан жеке үлестеріне байланысты өзгермелі және ұдайы бөліктерден тұрады.

## **3. Директорлар кеңесі мен басқарма арасындағы өзара іс-қимыл**

143. Тиімді корпоративті басқару Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы ашық диалогты талап етеді. Қоғамның осы мақсаттарда Директорлар кеңесіне Президенттің (Басқарма Төрағасының) және Басқарманың

мерзімді есептерін ұсыну тәртібін реттейтін құжаты болуы тиіс. Бұл процесті ұйымдастыруда шешуші рөлді Корпоративті хатшы атқарады.

144. Корпоративті хатшы өз міндеттерін толық жұмыс күні режимінде, тұрақты негізде орындайды. Корпоративті хатшы корпоративті басқару саласындағы Заңнамада белгіленген талаптарды және Қоғамның ішкі құжаттарын органның орындауын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін біліктілігі болады; Қоғам органдары арасындағы дәл өзара іс-қимылды Жарғы ережелеріне және Қоғамның басқа ішкі құжаттарына сәйкес қамтамасыз етеді, сондай-ақ Директорлар мен Қоғамның лауазымды тұлғаларын корпоративті басқаруды дамытудағы жаңа үрдістер туралы хабардар етеді.

145. Корпоративті хатшы Директорлар кеңесінің отырыстарын даярлау мен өткізу кезінде, Қоғам туралы ақпараттарды ашу мен ұсындуды қамтамасыз етуде айрықша рөл атқарады, өйткені, дәл осы ресімдерді сақтамау Жалғыз акционердің көптеген құқықтары мен мүдделерін бұзуға әкеледі.

146. Корпоративті хатшы Жалғыз акционердің өтініштерін және Жалғыз акционердің құқықтарының бұзылуына байланыстыдауларды шешуді Қоғамның тиісті органдарымен жете қарауды қамтамасыз етеді. Қоғам органдарының мұндай өтініштерді уақытылы қарауына бақылау Корпоративті хатшыға жүктеледі.

147. Корпоративті хатшының міндетіне Директорлар кеңесінің шегінде, Басқарма мен Директорлар кеңесі арасындағы ақпараттардың қалыпты ағынымен қамтамасыз ету, сондай-ақ Директор лауазымына кірісу процесіне көмек көрсету енеді.

148. Корпоративті хатшы барлық Директорлар үшін басқарудың барлық мәселелері бойынша консультациялар жүргізуді ұйымдастыру бойынша жауапты болып табылады.

149. Корпоративті хатшының мәртебесі, функциясы және міндеті Жарғыда, Корпоративті хатшы туралы ережеде және Қоғамның өзге ішкі құжаттарында айқындалған.

150. Корпоративті хатшыны лауазымға тағайындау және босату Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

### **3-тарау. Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл**

#### **1. Жалғыз акционердің құқықтарын қамтамасыз ету**

151. Қоғам Жарғыда белгіленген тәртіппен Жалғыз акционердің негізгі құқықтарын, оның ішінде:

Акцияларға иелік ету және пайдалану құқығын;

Қоғамға оның қызметіне қатысты жазбаша сұраумен өтініш жасау және Қоғамның ішкі құжаттарымен бекітілген дәлелді жауаптар алу құқығын;

Президентті (Басқарма Төрағасын) және Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау арқылы Қоғамды басқаруға қатысы құқығын;

Қоғамның табыстарының үлесін (дивидендтер) алу құқығын;

Қоғам таратылған жағдайда оның активтеріндегі үлесін алу құқығын іске

асыруды қамтамасыз етеді.

152. Қоғам Жалғыз акционердің корпоративті басқарудағы өзекті шешім қабылдауын қамтамасыз етеді.

153. Қоғам Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын, өзінің қызметі туралы ақпараттарды уақытылы және толық көлемде Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен өзінің Жалғыз акционерінің назарына жеткізуі тиіс.

154. Директорлар кеңесі мен Басқарма Қоғам қызметіндегі жоспарланған өзгерістерді негіздеуге және Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау мен қорғаудың нақтылы саясатын ұсынуға міндетті.

155. Қоғам Жалғыз акционерді Заңнама талаптарына сай оның қаржы-шаруашылық қызметі мен оның нәтижелері туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

156. Директорлар кеңесі Директорлардың Қоғамға қатысты Жалғыз акционердің пікірін түсінуі үшін қабылданған іс-шараларды жыл сайынғы есебінде баяндайды.

157. Жалғыз акционерге ұсынылатын ақпараттық материалдар Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелерге қатысы бойынша жүйелендірілуі тиіс. Осы материалдарды алудың немесе олармен танысудың барынша қарапайым және жеңілдетілген тәртібі белгіленуі тиіс.

158. Жалғыз акционерге Қоғамның қызметіндегі жоспарлар, жетістіктер және проблемалар туралы қосымша мәліметтер, сондай-ақ Қоғамның қызмет туралы басқа ұйымдардың талдамалық зерттеулері мен материалдары ұсынылуы мүмкін. Ақпараттарды ашу талаптары Қоғамға артық әкімшілік ауыртпалықтар немесе ақталмаған шығындар жүктемеуі тиіс.

159. Қоғам Жалғыз акционердің шешіміне шығарылған әрбір жекелеген мәселелер бойынша жеке шешімдер шығаруды Жалғыз акционерге ұсынуы тиіс.

160. Директорлар кеңесінің Төрағасы Жалғыз акционердің сауалдарына жауаптардың ұсынылуын қамтамасыз етеді.

161. Қоғамда корпоративті дауларды әсерлі реттеу үшін Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің өтініштерін тіркеудің жүйесі қабылданған.

162. Қоғам акционерлерінің тізілімін тәуелсіз тіркеуші жүргізеді. Барлық қажетті техникалық құралдары бар және жоғары беделге ие тіркеушіні таңдау мен тағайындау Қоғамға Қоғамның акцияларына және басқа да бағалы қағаздарына арналған меншіктік құқығын сенімді және тиімді тіркеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## **2. Дивидендтік саясат**

163. Директорлар кеңесі Қоғамның дивидендтік саясатты іске асыру қағидаттары мен механизмдерін айқындайтын, Жалғыз акционердің бекітуіне жататын дивидендтік саясат туралы ережені әзірлейді. Дивидендтік саясат ашық болады, оның ішінде Қоғамның корпоративті ресми веб-сайтында орын алады.

164. Дивидендтік саясат Жалғыз акционердің әл-ауқатын арттыру және Қоғамның капитализациялануын өсуді қамтамасыз ету бойынша Қоғамның ортақ және нормативтік-құқықтық актілеріне, дивидендтік саясат ережесіне негізделген нақтылы міндеттерін қалыптастырады.

165. Дивидендтік саясат таза пайданы бөлу және дивидендтерді төлеуге бағытталған бөлігін, дивидендтердің мөлшерін есептеу тәртібін, дивидендтерді төлеу тәртібін, оның ішінде оларды төлеудің мерзімін, орнын және нысанын анықтауды регламенттеуі тиіс. Дивидендтерді алу Жалғыз акционер үшін қиынға соқпауы және ауыртпалық салмауы керек.

166. Дивидендтік саясат Қоғамның дивидендтерді төлеуге бағытталған таза пайдасының ең аз үлесін анықтау тәртібін белгілеуі тиіс.

167. Дивидендтерді белгіленген тәртіппен төлеу туралы мәселені қарау кезінде Қоғамның ағымдағы жай-күйі, оның қысқа, орта және ұзақ мерзімді жоспарлары назарға алынады.

168. Дивидендтерді төлеу жөніндегі шешімді қабылдау туралы (жариялау туралы) ақпарат дивидендтерді төлеуге және оларды төлеу тәртібіне арналған шарттардың бар-жоғы туралы нақтылы ұсынысты қалыптастыру үшін жеткілікті болуы тиіс.

### **3. Мүдделілікті көздейтін мәмілелер**

169. Қоғам мүдделілікті көздейтін мәмілелерді жасамауға тырысады. Мұндай мәмілелер жасалған жағдайда Қоғам тиісті (тиісті болған) мәмілелер туралы және Қоғамның аффилиирленген тұлғалары жөніндегі ақпараттарды ашады.

### **4. Маңызды корпоративтік оқиғалар**

170. Маңызды корпоративтік оқиғаларға, оның ішінде, мыналар: Қоғамның қайта құрылуы, Қоғамның ірі көлемдегі мәмілілір жасасуы, Жарғыға өзгерістер енгізілуі және шешімі Қоғам үшін принципті түрде маңызды басқа да бірқатар мәселелер жатады.

171. Қабылдануы кезінде маңызды корпоративті оқиғалардың пайда болуына әкелуі мүмкін шешімдерді Директорлар кеңесі мен Басқарма көрсетілген іс-қимылдарды қажеттілігімен пысықтай отырып Жалғыз акционерге және Мүдделі тұлғаларға ұсынуы тиіс.

172. Қоғамның маңызды корпоративті оқиғалары саласындағы келісілген саясатты Басқарма әзірлейді және Директорлар кеңесі бекіткеннен кейін басшылыққа алып, мынадай мәселелерге:

маңызды корпоративті оқиғаларды анықтау механизмдері мен іске асыру ресімдеріне;

іске асырылатын маңызды корпоративті оқиғаларды алдын-ала мақұлдауға және бағалауға;

маңызды корпоративті оқиғаларды терең сараптауға және талқылауға айрықша көңіл бөлінеді.

173. Қоғам Жалғыз акционердің маңызды корпоративті оқиғаларға қатысты мәселелерді шешуге қатысуын қамтамасыз етеді.

## **5. Қоғамды тарату**

174. Қоғам таратылатын жағдайда Директорлар кеңесі Басқармамен бірлесе отырып Жалғыз акционерге және Мүдделі тұлғаларға Қоғамға тарату жүргізу қажеттілігінің негіздемесін ұсынады.

### **4-тарау. Ақпараттарды ашу және айқындылық**

#### **1. Ақпараттарды ашу саясаты мен практикасы**

175. Ақпараттарды ашу Жалғыз акционердің және Мүдделі тұлғалардың Қоғам қызметін бағалау үшін, сондай-ақ Қоғамға деген сенімді қолдау үшін айрықша маңызды.

176. Ақпараттарды ашу бұл ақпараттарды Мүдделі тұлғалардың назарына тиісті шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде барлық жеткізу болып табылады. Қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында және Қоғамның корпоративті веб-сайтында ақпараттық материалдар мен жарияланымдарды тұрақты түрде орналастырады.

177. Қоғамның ақпараттық ашықтығы Қоғамның ішкі құжаттарының негізінде құрылады.

178. Қоғам өз қызметінің барлық маңызды фактілері туралы ақпараттарды, атап айтқанда, өзінің қаржылық жағдайы, қызметінің жоспарлары мен нәтижелері туралы, корпоративті басқарудағы өзінің практикасы туралы ақпараттарды уақытылы ашады, корпоративті оқиғалардың күнтізбесін және басқа да маңызды ақпараттарды уақытылы жариялайды.

Қоғам басқа да маңызды құжаттарды, атап айтқанда, бағалы қағаздар проспектілері, тоқсандық есептер, маңызды фактілер туралы хабарламаларды уақытылы даярлайды.

179. Қоғам мыналарды:

қаржылық (операциялық) қызмет нәтижелерін;

Қоғамның мақсаты мен олардың орындалу нәтижелерін;

корпоративті басқару туралы бөлімді;

олардың біліктілігін қоса алғанда Директорлар мен Басқарма мүшелері жөнінде, оның ішінде Тәуелсіз Директорлар туралы ақпараттарды;

Директорлар кеңесінің жылдық есебін;

мүдделі тұлғаларға байланысты маңызды мәселелерді;

кез келген маңызды корпоративті оқиғаларды қамтитын, бірақ шек қоймайтын егжей-тегжейлі жылдық есепті жариялайды.

#### **2. Ішкі ақпараттарды қорғау**

180. Ақпараттарды ашу кезінде Қоғам коммерциялық, қызметтік және

Заңнамада қорғалған өзге құпияларды құрайтын ақпараттардың қорғалуы керектігін ескереді. Мұндай ақпараттарға қол жетімділік шарттарын, сондай-ақ оларды алу мүмкіндіктерін Қоғам Қоғамның ашықтығы мен оның мүдделеріне залал келтірмеу әрекеті арасындағы ашықтық теңгерімін сақтау қажеттілігін ескере отырып анықтайды.

181. Қоғам құпия ақпараттарды қорғауға Заңнамаға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес шаралар қолданады.

182. Қоғам қызметтік және ішкі ақпараттарды пайдалануда бақылаудың тиімді жүйесін әзірлейді және қолданады. Қоғам ішкі ақпараттарды анықтау, бақылау және тарату үшін бақылаудың ұқсас ресімдерін, жүйелерін және құралдарын белгілейді және ашылатын ақпараттың жалған болмауын немесе шатасуға әкелмеуін қамтамасыз ететін барлық қажетті іс-қимылдарды қолданады.

183. Қоғам Қоғам ішіндегі және одан тыс жерлердегі тиісті персоналдарды Қоғам туралы ақпараттарды ашудағы Қоғамның қабілетіне қатысты бақылау құралының енгізілуі туралы хабарлайды және Директорлар мен Қоғамның тиісті персоналдарының ақпараттарды ашу саясатын қолдану бойынша жеткілікті даярлықтармен қамтамасыз етеді.

184. Қоғам қызметкерлері олардың еңбек қызметтерін іске асыру уақытындағы ішкі (қызметтік) ақпараттардың құпиялылығын таратпауға міндеттенеді. Қоғам олардың Қоғамдағы еңбек қызметтері тоқтатылғаннан кейін де көрсетілген ақпараттарды таратпау мерзімін белгілейді.

### **3. Қаржы есептемесі. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау жүйесі**

185. Қоғам қаржы есептемесінің халықаралық стандарттарына сай қаржы есептемесін даярлайды.

186. Қоғамдағы қаржы есептемесін жүргізу және аудит жүргізу мынадай: толықтық және шынайылық; ымырасыздық және тәуелсіздік; кәсібилік және құзырлылық қағидаттарына құрылған.

187. Қоғамның жылдық қаржы есептемесіне мұндай есептеменің оқырманға Қоғам қызметінің қаржы нәтижелері туралы деректерді дұрыс пайымдауына мүмкіндік беретін егжей-тегжейлі есептемелер қоса беріледі. Қаржы ақпараты Қоғам басшылығының түсіндірмелерімен және аналитикалық бағалаулармен, сондай-ақ аудитордың қорытындысымен толықтырылады.

188. Директорлар кеңесі Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы ақпараттарды Жалғыз акционерге ұсынады. Директорлар кеңесінің орнықты және ұғынықты бағаны ұсынудағы жауаптылығы аралық және өзге де көпшілікке арналған есептерге, бақылау-қадағалау органдарға арналған есептерге, сондай-ақ Заңнама талаптарына сай міндетті ұсынуға жататын ақпараттарға қолданылады.

189. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Директорлар жылдық есепте және қаржы есептемесінде Қоғамның есептілігін даярлағаны үшін өздерінің жауаптылығын сипаттаулары

тиіс және мұндай жылдық есеп пен қаржы есептемесінде аудиторлық ұйымдардың есептілікке олардың жауаптылығы туралы қорытынды қамтылуы тиіс.

#### **4. Ішкі бақылау және ішкі аудит**

190. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің бақылау жүйесіне енетін Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процесіне олардың қатысты болуына тәуелді құзырлы органдар шектеледі.

191. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және консультация беру саласындағы бағалауды жүзеге асыру үшін Қоғамда Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесі мен Басқарманың құрамына сайлана алмайды.

192. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оған өзінің жұмысы туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауаптылығы Директорлар кеңесі бекіткен Ішкі аудит қызметі туралы ережеде анықталады.

193. Директорлар кеңесі кемі жылына бір рет Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауды жүзеге асыруға міндетті (Ішкі аудит қызметімен бірлесіп) және мұндай бағалауды жүргізгені туралы Жалғыз акционерге есеп береді. Мұндай бағалау қаржы және операциялық бақылауды, тәуекелдерді басқару жүйелерінің сақталуына және тиімділігіне бақылауды қоса алғанда толық маңызды бақылауды қамтиды.

194. Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметімен және Қоғамның сыртқы аудиторларымен бірлесе отырып олардың қаржы есептеме мен ішкі бақылауға қолданатын қағидаттарының жолдарын және Қоғамның сыртқы аудиторлармен тиісті қарым-қатынастарын белгілеу тәртібін анықтаудың ресми және айқын тәртібін белгілейді.

195. Ішкі аудит қызметі іс-шаралар жүйесін зерделеуі тиіс, ол арқылы Қоғам қызметкерлері қаржы есептемесінің мәселелеріндегі немесе өзге мәселелердегі ықтимал сәйкессіздіктерге қатысты мәселелерді жасырын түрде көтере алады. Ішкі аудит қызметінің мақсаты мұндай мәселелерді тиісті және тәуелсіз зерделеу бойынша іс-шаралар жүйесін құру және бұдан әрі тиісті шаралар қабылдау болып табылады.

196. Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің тиімділігін бағалайды.

#### **5. Сыртқы аудит**

197. Қаржы есептемесін әзірлеудегі шынайылық пен объективтілік туралы тәуелсіз пікірді алу мақсатында Қоғам аяқталған жыл үшін Заңнама талаптарына сәйкессыртқы аудиторды (аудиторлық ұйымды) тарта отырып жылдық қаржы есептемесінің аудитін жүргізеді.

198. Жылдық қаржы есептемесінің, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін бағалаудың шынайылығын тексеру және растау үшін Қоғам Заңнамаға сәйкес, Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген

ережелерге сай кәсіби аудиторлық ұйымдарды (сыртқы аудитті) бәсекелестік іріктеу негізінде тартады. Қоғам іріктеу шарттарын танылған беделге ие және аудиторлық тексерулер жүргізуде айтарлықтай тәжірибесі бар жоғары кәсіби аудиторлық ұйымдарды тартуды қамтамасыз етеді.

199. Қажет болған жағдайда Жалғыз акционер аудиторлық ұйымдардың (сыртқы аудиттің) аудиторлық қорытындыларын қарауға шақыруы мүмкін және Жалғыз акционер қойған барлық сұрақтарға жауап беруі тиіс.

200. Қоғамда кезең-кезеңде, кемі бес жылда бір рет аудиторлық ұйымдардың ауысуы жүзеге асырылады..

201. Басқарма ұсынылған қаржы ақпаратының толықтығы мен шынайылығы үшін жауаптылық көтереді.

### **5-тарау. Қорытынды**

202. Қоғам осы Кодекстің ережелерін бейімдеуге және қолдануға бағытталған Қоғамның қосымша ішкі құжаттарын әзірлейді және қабылдайды.